

• ОРАЛХАН БӨКЕЙ 60 ЖАСТА

ӨР АЛТАЙДЫҢ ОЙЫНДА, ОРАЛХАННЫҢ ТОЙЫНДА

Кербұғылар жерінде алқалы ас берілді

Әлібек ҚАНТАРБАЕВ.

«Бошалап кетсек, күндердің күні болғанда боталап қайтармыз...»
Оралхан Бөкей.

Кұдауанда, дәл оның туған күнінің қарсаңында, кешқұрым көрі Алтай дүр сілкінді. Сонау Шүй жазығы, Мұзтаудан бастау алған жер асты дүмпуі, гүлі Алтай деп аталатын алып та аспара таулардың үсті мекендеп, дүрсілге толтырып ұрандап жүрген екі аяқтылар мен тұз тағысы бұғы-маралдардың үліне ұласып, айран-асыр етті.

Санасы сергек, көкірек кезі ояу қарт Алтай осыдан он жыл бұрын бақилық боп кеткен өзінің арда жыршысын іздеп мекіңді ме, кім білсін?!

Оралхан Бөкей... Осынау екі ғана сөзден тұратын аты-жөні атауының алаш ұранды қазақтың қаймағы бес елі қара сөзінің піріне айналғанына да ықпалым уақыт өтіпті. Оның осынау опасыз фәнидің есігін тарс жауып, артына жауандай қарап бақиға аттанғанынан бері де айналайын "аспанда ұшқан алты қаз" он рет туған жерін талақ етіп, он рет қайта оралыпты.

Жалған дүние деген осы да... Оралхан Бөкей өз армандарына кетсе де жалпақ жұртын армандауға, сарысуіек сағынышқа үйретіп, бейімдел кеткен қаламгер. Арманда кетті деудің өзі де шарттылық шығар. Орекең жазушы ретінде берерін беріп, сол еңбегінің өтеміне аларын алып кетті, ал пенде ретінде өмір бойы өзге елсіздік толып, талайға арман арқап өтті. Бір ғана мысал оның адами арманы — "арттан ерер құлын қалсын, тізгін ұстар ұлым қалсын" еді, алпасы берерін берсе де соның қызығын көруді маңдайына жазбапты. Алатау — арман емей, немене?!

Оралхан Бөкей дүниеден өткен он жыл тізбегінде оны өзі сүйген халқының жүрегінде мәңгілікке қалдыру мақсатында қыруар шаруалардың беті бері қайырылды: облыс көлемінде үш мектепке аты берілді, бірнеше көше атымен аталды, оның атындағы көркемөзіндердің республикалық сайысы дәстүрге өнді, студенттерге стипендия тағайындалды, арнайы "Оралхан оқулары" ұйымдастырылды, мұражайлары ашылды, қойыншысы, елі ардақты арысын аспандапты-ақ жатыр.

Тек өзі ғана жоқ. Кешегі күні азуын айға білеген, Кербұғы, Мұзтаудың мұзбалағы атанған адуын да өр қаламгерге Кеңсайдан екі метр ғана жер бұйырыпты. Енді оған тірліктің түнмелді талқаны қажет емес.

Ал Оралхан Бөкейдің қаламынан туған жауларға, оның өршіл рухы тірілерге аманат.

Міне, соны маңсұқ еткен ел-жұртының 60 жылдығына орай жазушының атамекені Катон қарағайда ұлан-асыр той жасаған. Бүгінгі әңгіме сол хақында.

“ҮРКЕР АУЫП БАРАДЫ”

Түркілердің кіндігі саналар Өр Алтай көгі күңгірт. Алып шыңдардың келешігі аппақ қар. Күз лебі әбден көріне мінген. Таудан ызғар еседі...

Орекеңнің 60 жылдық тойына ең алдымен республикамыздың түкпір-түкпірінен алқынып айтқысқа ақындыр жиналды. Самар ауылының іргесіндегі сой қоймасынан алып қайықпен өте шығып, Катонқарағай топырағына табандары тиер-тиестен будақ-будақ жыр нәсерін қақпалатқан олар сол екпінмен 6-қазан күні, Түз өлетінде қаламгердің мәдениет үйінде айтысты бастап-ақ жіберді. Мәдениет үйіне ине шаңдар орын қалған жоқ. Иіні тірескен жыр сүйір қауым. Соған қарамай үсті-үстіне құйылып жатыр. Құйылмағанда қайтсын, Серік Құсанбаев, Айнуір Тұрсынбаева, Айтқын Бұлғаков, Дәулеткерей Көпұлы сынды азу тістері алты қарыс арыстандармен қатар соңғы жылдары айтыс төріне жарқ-жүрқ етіп атылып шыққан, тері менікі деп ұран тастай келген Ринат Заитов, Рүстем Қайыртаулы, Әсем Жұмағазина, Аспан Ғафуров, Қарлығаш Әубәкірова, Мақсат Ақанов секілді жас жолбарыстар келіп жатса. Теледидардан көру бір бөлек те, "тірі" ақындардың демін сезініп отыру бір бөлек емес пе.

Шашасына шаң жұқпайтын керектілік ақын Серік Құсанбаев Орекеңді жоқтай келе оның ел-жұртына "ер жігіт үйде туып, түзде өледі" деп басу айтты.

Ел өксігі он жыл өтсе де басылмапты. Қайта Орекең көз жұмған күннен неғұрлым алыстаған сайын сағыныш көбірек іштей ме, қалай, ақындардың шөрілі үшін естіген көп жұрт көкіректеріне кептелген шөмендерінің өңірін айтқан. Көлдей орамалдарымен көзін сүркіштеп жатқандар да көп.

Осы бірінші күні-ақ айтыс сайыуліктері өздерінің қарымдарын байқатпай қалды. Бірін-бірі өтер сүйелердің шабыстарына қазылық жасаған ақын Алаш сыйлығының иегері Сәкен Иманов, "Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Ұлықбек Есдәулет, филология ғылымдарының докторы, ақын Асқар Егеубаев, ақын Несіпбек Айтов, жазушы, "Алаш" баспасының директоры Дидихмет Әшімханұлы, ШҚ облыстың мәдениет басқармасының бастығы Түсіпхан Түсіпбековтердің "Келесі мәреміз сайыстарға кімдерді шығарамыз?" деген сұраққа жауап іздеп, шаққандай бастары шарадай болды.

Ақыры он жұптың бес жұбы ұпай санына байланысты ақтық саясқа жолдана алған.

Ақшам жамырай жастардың мерекелік би кеші басталып берсін.

Катон жұрты бұл түні үркерді төбеден аударып барып бастарын жастыққа бұрған.

“МҰЗТАУДЫҢ МҰЗБАЛАҒЫ”


Мерейлі мерекенің екінші таңы атты. Күн шапағын ең бірінші көретін Катонның кеңпейіл жұрты мәдениет үйіне бет алған. Айтыстың ақтық сайысы өтпек.

Алғашқы жұптағы Рүстем мен Дәулеткерей ұзақ жұпқыласты. Рүстем абыз ақын Дәулеткерейді қос жамбасына кезек-кезек салды. Қауып алған жерінде ошақтай із қалдырды. Дәулеткерей дәл осы жолы Дәулеткерейлігімен ғана аман қалды. Жас жолбарыс тым-тым адуынды екен. Алайда екі күн бойы ыстығы көтеріліп, Алтайдың күзгі ызғырына ұрынып, күйі келіспеген Дәулеткерей соңына дейін шыдас берді...

Серік Құсанбаев пен Әсем Жұмағазина әдепті, мәдениетті айтыстың ерен үлгісін көрсетті. Айтыс болса, осылай болсын! "Алысқанмен алысам, шабысқанмен шабысам" деп семейлік сілеусін ақын Ринат Заитов шықты. Онымен шыққан "бақсы" ақын Айтқын жер тепкілеп, иығын онды-солды лақтырып сес көрсетіп еді, Ринат сасқан жоқ, ол да "хайлөйлімге" басты. Айтқын мысы құрып, аңырып, аузын ашып қалды. Кемеші келгенде қайықшының суды тастап шығатынын рас екен.

Не нәрсенің болса да шегі бар. Айтыс мәресіне жеткен. Елдің айызын қандырған Қиырдағы Катон жұрты осындай айтыстың өтуіне мұрындық болған асылы Оралхан Бөкейдің аруағына тағы бір рет тағзым етті.

Бас жүлдеге тігілген "Жиғули" жеңіл машинасы семейлік Ринат Заитовтың тақымында кетті. Оны қоюшы "Атамеке" корпорациясы, бас директоры Марат Татаев мырза машинаның кілтін өз қолымен тапсырды.



мұзбалағы. Мұз төсеніп, күз тербеткен тастулық жалындап, жанып тұрды.

Мұзтаудың мұзбалағы Оралханды жұрт жасынның жарқылындай, арманшыл асқақ, романтикалық жүректің суреткері деп білді. Ақын деп таныды. Қарасөзбен жыр сөргелатқан жырау деп ұқты. Бәрі де рас. Бәрі де солай дескен. Бәрі де солай деседі. Мәзгілден Сөзімнің селін, Мұзтаудың ақ суындай астан-кестен ақтарылған шабыттың асау арындай ағысын, Алтайдың нуындай тылсым шамырқанысын көрген. Ақсудың ары-

лері де көркем шығармаларымен қатар жасайтын қашан қолға алсаң да қалтқысыз сырласып, дүние сырларын ашып жүре беретін біртуар туындылар. "Ел мен Жер" атты кезінде "Жұлдыз" журналында жарияланып, кейін "Мұзтау" атты кітабына қосқан, қайтп жарияланбаған (өзі публицистикалық жазбаға балап көңіл қоймаған тәрізді) эссесі, "Ауыл хикаялары" атты топтамасындағы ауыл адамдарының тамаша портреттерінен, ел суреттерінің қайталанбас кескіндерінен бір мысқап кем түспейді. Бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі жебеп отырады. Жазушы осынау жолжазба, эссесерімен қазақ журналистикасының публицистика жанрын бас айналар биікке көтеріп кетті. Публицистикаға көркемөнер туындысындай өр рух, өшпес тірілік дарытты. Көдімгі публицистиканың өзінде қайталанба бермейтін шеберлік танытты.

Бірі деректі эсселер, бірі көркем проза секілді қара сөздің қос саласында да талантты дүниелерімен хас шеберлік танытқан қаламгердің күдіреті шабыт қуатын өмірдің өзінше қара жердің төрін алатындығынан. Көдімгі қара жер, көдімгі қара жер басқан қарапайым адамдар жайлы жүрежарлы сырлар. "Қар қызы" повесіндегі үш тракторшы азамат, "Сайтан көпірдегі" Аспан жылқышы тірлікте бар адамдар. Өмірден әдебиет бетіне көшкен қаһармандар. "Бәрі де майдан" повесінің автобиографиялық сипаты басым екендігін автордың өзі айтып кеткені есімде. Оралханның қарапайым кейіпкерлері, қарапайым адамдары адамзаттық күрделі тірлік мәселелерін, дүниеауи тақырыптарды қозғайды. Сонау Алтайдың, Мұзтаудың, Марқаның бір пұшағында қар көшіп, мұз жастанып, кірбің күйбең тіршілік сүріп жүріп-ақ өмірдің мәні, тағдырдың талқысы, заманның заңдылығы туралы төбесі көкке тиіп-тимей жүрген ойшылдардың мына кіріп те шықпайтын ой-толғауларға барады. Өйткені, олар сол тіршіліктің қазанында қайнап, отына күйіп, күлімен шығып жүрген жанды пенделер. Өйткені, олардың жан дүниесін ақтарып отырған суреткер Оралхан Бөкеев.

Заман сырын айнадай анық түйсінген қаламгер бізге өрі жас, өрі ақсақалды ақыл дарасы секілді көрінеді. Жас көрінетіндігі, ортамыздан жастық жалыны басылмай, жалындап төбіреніп өткендігінен болса керек. Тұлғалы көрінетіндігі, қазақ әдебиетінің биік тауларымен бой таластырып, киіктей сүйрік жүріктігін мойындатып өткені болса керек.

Жалпы Оралхан Бөкевтің бүкіл шығармаларын, роман, повесть, хикаят, эсселерін тұтастырып тұрған алтын арқау — қарапайым қазақтың тағдыры, тарихы. Адамның жұмбақ жаратылысы. Ел мен Жер тіршілігі. Сол алтын арқау жазушының мынау жалған дүниедегі тіршілік жайлы көзқарасының айғағы. Сол алтын арқау Жазушының дара суреткерлік дүниесінің кіндігін түйген тарамыстай қарабайыр да, тарамыстай берік асыл жібі. Дүние әдебиетінің ортасында даралап, оқшаулап тұрған берік тіні. Оралхан Бөкевті еске алған, оның жазбалары туралы төбіренген еңбектерде Алтайдың жыршысы, Алтайдың суреткері деген анықтамалар, шын көңілден туған сүйсіністі бағалар жиі айтылады, жиі жазылады. Біз де бұл баяндамамыздың тақырыбына "Мұзтаудың мұзбалағы" деген айдар тақтық. Несі бар, шын мәніндегі Алтайдың ақиығына жарасып тұр. Өйтсе де... ақиқатына көшсек Оралхан Бөкеев заманның жыршысы. Адамның, адамзаттың жыршысы! Орекеңнің аты, атағы Алтай үшін қадірлі, жұмбақ белгілі дәрежеде қажетті. Мұзтаудың аспанынан жалпақ ғаламды шолаған, Тәж-Махалдың ақкіміс мұнарасына қонған Алтай мұзбалағының сулу, текті жаны мұхиттар мен құрлықтар көгінде қалықтап тұр. Сеніңіздер, ғалам әдебиетінде Оралханды тұнық шамырқанысты, табиғи талантпен дүниенің түбін көрген, сезім қуатымен Адам баласының жан қалтарыстарын таныған Шебер жоқ. Талай-талай алыттар бар, дегенмен сол ортада Оралханның өз орны, өз ортасы тағы бар.

Ол қарапайым қазақ баласының, алып сахарда шашылып жатқан ұядай-ұядай ауыл адамның арман-зарын Адамзат өкісімен астаыртқан көрген дараң иесі. Жазушының бүкіл шығармасы — XX ғасырдағы қазақ ауылының күрделі полотности. Көкжөгіміз кеңіп, тынысымыз ашылған Тәуелсіздік рухы қазақ халқының Оралхан сынды біртуар ұлының санадан сарғайып жырлаған сыршыл сөзін терткүл дүниеге жеткізетіні күмән жоқ. Енді, жазушының мұрасын ғалам әдебиетінің тасқыны аламына үкілеп қосу ғана қалып тұр. Әдебиет қарызы, тірілер парызы.

Ол "Біздің жақта қыс ұзақ" повесінің соңында "Оқырманға айтар сырым бар..." деп, екі-үш ауыз сөз жазыпты. Сол сөзін жазушы: "Жырымасыншы ғасырдың гуманистік ойы жазушылардан гуманистік шығарманы талап етіп қана қоймайды, замананың тамыршысы, емілсі болуды талап етеді. Демек, біздің көркем шығармамыздың басты қаһарманы Адам... Жазушылық дегеніміз — шындыққа жүгіну, ал әдебиет дегеніміз, сол шындықты шырақ алып іздеудің бірден-бір формасы.

Міне, менің сіздерге айтпағым осы еді", — деп аяқтапты.

Қайран, Ор-аға!

Бүкіл шығармаларының арман-мұратын, алты құрлықты ақтарып іздеген аңсарынды өзің атап-түстеп айтып кеткен екенсің-ау!

Шындықты іздейік!

Шырақ алып іздейік, жарандар! — деп баяндамасын аяқтаған ол.

Қосымша баяндаманы филология ғылымдарының кандидаты, Оралхан Бөкей шығармашылығын зерттеуші жас ғалым Гауһар Балтабаева жасады.

Еңбек Ері, Орекеңнің нағашысы Бошай Кітапбаев естеліктерін айтты.

Конференция соңы үлкен концертке ұласты. Ақшам жамырай Өр Алтай аспанына тұңғыш рет мерекелік оташу (фейерверк) шашылды. Алыстан келген қонақтарға облыс, аудан өкімі қоңасқас берді.

Келер күні келген қонақтар мен жергілікті жұрт Шыңғыстадағы Орекеңнің кіндік қаны тамған шаңыраққа, бүгінгі мұражайға айналған үйге барып тәу етті. Ескі алдында Алтайдың мәңгі қар басқан шыңдарына асқақ қарап тұрған Орекеңнің тас мүсіні.

Оралхан Бөкей мәңгілік құмыра айналған екен. Шыңғыстадағы Оралханды қарақаттандырып ұшырған қара шаңырақ — Әбдірдің атамекеніне жетектел жетті. "Орнында бар оңалар" деген сөз рас екен. Қонақ үйі мен асханасы жоқ Катонда алыстан келген сыйлы қонақтарды күтіп алу да оңайға түскен жоқ. Бұл ауыр жұмысты аудан әкімшілігі, аудандық шырша атпал азаматтар Марат Татаев, Темірбек Исабаев, Ерөн Жұмағұлов, Тоқтархан Сейітқалиев, Шаймардан Оразбаев, Халел Жәндібәев, Тоқтасын Қалибековтер өз ішқатарымен көтеріп алды.

Өр Алтайдың ойында өткен үлкен мереке бөкеевтанудың үлкен парағына айналды.

СУРЕТТЕРДЕ: облыс өкімінің орынбасары Нұрлан ОМАРОВ пен кәсіпкер Марат ТАТАЕВ айтқысқерлерге жүлде тапсыруда; баяндамашы, филология ғылымдарының докторы Асқар ЕГЕУБАЕВ; Орекеңнің жақын інісі, жазушы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Әлібек АСҚАРОВ сөз сөйлеп тұр; Орекеңнің жан жағы АРДАҚ балалары АЙХАН, АЙЖАНМЕН; Шыңғыстадағы Оралхан Бөкевтің қарашаңырағына қойылған мүсіні.

Суреттер Есімхан ОРЫНБАЕВТІКІ.



Бірінші орынға семейлік ақын ару Әсем Жұмағазина көтерілді. Ол бір мың долларды әмиянына салды.

Екі екінші орынға керектілік Серік Құсанбаев пен Рүстем Қайыртаулы, екі үшінші орынға тараздық Айнуір Тұрсынбаева мен Дәулеткерей Көпұлы шықты. Айтысқа қатысқан барлық ақындарға ақшалай сыйлықтар тапсырылды.

Айтыстың басыбайлы жүргізушісі Жүрсін Ерманның жүрегі орнына түсті. Катондағы айтыс жақсы болды. Дегенмен...

Айтыс публицистикалық сипат алып бара ма, қалай?! Ақылгөйсү, арзан философия қанатын қомдайтын секілді. Ең қауіптісі — айтысқа жаттап келіп қатысу. Солар көбірек бой көрсетті...

Түс ауа мерекенің өзегі — ғылыми-теориялық конференция басталды. Оны жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Орекеңнің жақсы көретін інісі Әлібек Асқаров жүргізді.

Конференцияны кіріспе сөзбен ашқан облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Омаров мырза алқалы толты үлкен мерекелерімен құттықтап келіп сырқаттануына байланысты келе алмай қалған облыс әкімі Талғатбек Жәмішті ұлы Абай-ділдиннің арнайы құттықтау хатын оқыды.

Келесі сөз осы конференцияның негізгі баяндамашысы, филология ғылымдарының докторы Асқар Егеубаевқа берілген.

Мұзтаудың мұзбалағы! Толпысы темір, шөңгелі құрыш тау қыраны.

Тау басынан Мұзтау аспанынан он сегіз мың ғалам алақандағыдай айқын көрінеді. Мұзбалақ көз ұшындағыны көреді, көңіл тысындағыны сезеді. Көзі шоқ, тұяғы темір, серпіні семсер. Мұзтаудың көгі көкжиектен кең, әлдеқайда кең, әлдеқайда терең! Әттең, терең дүние керек! Көзін де, үні де жетпейді. Кеңістікті биіктен шолған Мұзбалақтың көргені осы өмір еді. Қысыны қызық құдіретті өмір, қиюы қашқан қасіретті өмір. Салқын қанды, қыран жүректі, құс қанатты Мұзбалақ Құдіретті түсінді, Қасіретіне күрсінді, күйді, күнренді...

Алмағайып мұз ғаламның жұмбағын көз шоғымен жарып, қанатымен хатқа тізді. Мұзтаудың мұзбалағы қайратты еді.

Алғыр, ұшқыр, зерек еді! Қиядағыны шалды, қырымдағыны алды!

Оростын ұлы ақыны М. Ю. Лермонтов жыр жазғанда, жалынды жырдың оқығанда, сүйініп сүйіп құштарлағанда тарыдай қарашығы сұп-суық салқын сабырдың мұз шапақтары шашып тұрады екен. Мұны Лермонтовтың іші-сырттан тарыдай жарқыратып ашып көрген гашығы айтады. Шы-алмастай салқын сабыр, суық ақыл зердемен жазу керек. Мұны орыстың тағы бір ұлы жазушысы Иван Бунин айтады.

Тау қыранының ұясы — мұзда, тұғыры — күзде. Мұзтаудың



нына, Жасынның жарығына түшпеккенді, Алтайдың адам елесі кезбеген, пенденің көзі көрмеген заңғарына арбалған-дай Әдебиет өлемі аңтарылып қалған. Ақын дескен. Прозаман жырлайды екен дескен. Әлі де солай деседі. Әлі де солай дейді. Очерк жазсын, мақала толғасын, хикаят тербетсін, сөргелатпай күйілді да тұрды. Қуатты бұла ағыс тамсандырды, таңдандырды. Таныды. Дарынына сүйсінген, ел көңілді алабұрттырып көз қамаған лағылы да түйсінді.

Енді бүгін ақтарға оқысақ, ақтарылған төбіреніңізді қатпарлы қысындары өмір атты ақиқаттың алдын орап озып түсіп жатқан екен. "Бошалап кетсек, күндердің күні болғанда боталап қайтармыз. Тарбағатай жарықтық біз үшін көк өгіз секілді, ары аунасақ арғы бетке, бері аунасақ бергі бетке өтеміз". "Өз отыңды өшірме" романында Дарханның әкесі айтқан бір ауыз түйін. Енді, міне... Күндердің күні болды. Бошалап кеткен жұрт боталап қайтып жатыр. Ары аунаса Тарбағатай жарықтықтың арғы бетіне, бері аунаса бергі бетіне жапырыла шұбаған жұрт. Шешендікпен айтса да, сезіммен сермесе де, ақиқаттан адаспапты. Сол сөргелатқан толғаныстың өр тармағына үніліп, ойланпай көрелішкі. Ақ пен қараны тану үшін, ауызбен орақ ормайды, ұлым, сол ақ пен қараға араласады". Жалғанда адам бір қателеспесін де, жалғыз рет аяғыңды тас қағып қалса, өмір бойы сүріншек болып оңбай өтесің". "Өз отыңды ұйықтасам, атқа мініп не бар еді". "Жебе жетпейтін жерге семсер сілтегім келмейді". "Үйге келген ырысты кепітсіп телсең, киесі ауыр болады деуші еді". Барлығы да "Өз отыңды өшірме" романынан. Шындық. Ақылды сөз. Таза реалистік проза. Дархан мен өкениң кездесуі, ортасындағы ибалы Гүлия келінінің алмағайып психологиялық арналысы... Үшүздік ілкі сөтте үндесіп үйлесімін тауып елжірескен сезімі, қас-қағымда қайшыла-сып қаңырап, қаңғылестеп үлгі желенген ішкі күйзелісі. Бұл бір романның шырақ шегі ғана емес, ұлттық трагедияның анатомиясы. Фасыр зары. Фасыр шыңдығы. Романның үш бетіне сыйған кесек драма, үш тұтам тағдырдың зары. Замана зары. Қазақ жұртының басына түскен аласапыран күндердің қазақ әдебиетінің бетінде мәңгілікке сызылған көркем суреті. Дара сурет. Қайталанбайтын сурет. Оралханның

қолтаңбасы. Дүниеде талай-талай халықтың, ұлыстың қайғы-наласын талай-талай шығармалар зерлеген. Сол дүниедегі қазақ деген халықтың маңдайына жазылғанды таңдайына салған жалғыз шығарма, дара сөз. Басқа да шығармалар әдебиетте бар өріне. Солардың ішінде мына сызба ерекше дара, ерекше бітімді, ішті. Көркем шындық. Ақылсана поэзиясы.

Оралханның ел жайлы, ауыл жайлы очерктері мен эссе-